

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 230 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 қыркүйекте № 5059 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 6 маусымдағы № 29 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 06.06.2016 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі - кемтар балалар жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) ай сайын сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынын.

2. Мыналар:

1) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алушы Қостанай ауданы әкімдігінің "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі жүргізеді;

2) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үйде оқытылатын кемтар балалардың ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне (бұдан әрі - алушы) беріледі;

3) оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін алушы мынадай құжаттарды:

өтінішті;

көрсетілетін қызметті алушының, занды өкілінің жеке басын куәландыратын құжатты;

тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

психологиялық-медициналық-педагогигалық консультацияның

қорытындысын;

мүгедектігі туралы анықтаманы;

банктегі шоттың болуы туралы құжатты;

мүгедек баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасын ұсынады;

4) әр кемтар балаға оқытуға жұмысашан шығындарын өндіріп алу тиісті оқу жылы ішінде жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Қостанай аудандық мәслихатының

кезектен тыс сессиясының төрағасы

C. Байгабулов

Қостанай аудандық

мәслихатының хатшысы

A. Досжанов

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай ауданы әкімдігінің

"Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ В. Панин

Қостанай ауданы әкімдігінің

"Экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ З. Кенжегарина